

Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы Келісімді жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 маусым N 726

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен жоғары және үкіметаралық деңгейлердегі кездесулер мен келіссөздер барысында қол жеткен уағдаластықтарды іске асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 2940 U962940_ Жарлығын және Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы Келісімді жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеу бойынша мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Дәненов Н.Ж. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі

Шәкіров А.О. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары

Жұмыс тобының мүшелері:

Жолжақсынов Т.Б. - Семей облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Забелин Ю.В. - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары

Қуанғалиев Ж.С. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жанындағы қару жаракты қысқартуға бақылау жасау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталықтың бастығы

Казанцев А.В. - Талдықорған облысы әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық бөлімінің меңгерушісі

Мочалкин Е.П. - Алматы облысы әкімінің орынбасары

Проничев С.Е. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің офицері

Өмірзақов П.К. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шарттық-құқықтық бас басқармасының бірінші хатшысы

Фролов Б.В. - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі шарт және сыртқы байланыс басқарма бастығының орынбасары

2. Жұмысшы тобына қажет болған жағдайда Қарулы Күштерді өзара қысқарту мен қазақ-қытай шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту мәселесі жөніндегі келіссөздерді одан әрі жүргізу тапсырылсын.

3. "Қытай Халық Республикасымен Қарулы Күштерді өзара қысқарту

мен қазақ-қытай шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту жөніндегі келіссөздер туралы және шекаралық мәселелер бойынша келіссөздер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 шілдедегі N 607 қаулысының 2-тармағының 2-абзацының күші жойылған деп саналсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК